Прилад сертифікований на відповідність вимогам Технічних регламентів та Державних стандартів України.



**Строк служби виробу:** 3 роки

**Строк гарантії на виріб:** 12 місяців

Дата виготовлення вказана на паспортній табличці на виробі.

### **Виробник:**

Поларіс Корпорейшн Лімітед - POLARIS CORPORATION LIMITED

Блок 1801, 18/F, Джубілі Сентр, 46 Глостер Роуд, Ванчай, Гонконг

Unit 1801, 18/F, Jubilee Centre, 46 Gloucester Road, Wanchai, Hong Kong

**Виготовлено в Китаї.**

## 17. ГАРАНТІЙНЕ ЗОБОВ'ЯЗАННЯ

**Виріб:** Кухонна машина електрична

**Модель:** РКМ 1002

Ця гарантія діє протягом 12 місяців від підтвердженої дати придбання виробу та передбачає гарантійне обслуговування виробу відповідно до чинного законодавства України.

Ця гарантія діє у разі дотримання таких умов:

1. Гарантійне зобов'язання розповсюджується на усі моделі, які випускаються під торговою маркою POLARIS та придбані в уповноважених виробником продавців, у країнах, де надається гарантійне обслуговування (незалежно від місця покупки).
2. Виріб повинен використовуватися у строгій відповідності до інструкції з експлуатації та з дотриманням правил та вимог безпеки.
3. Ця гарантія не розповсюджується на дефекти, що виникли після передачі товару споживачу внаслідок:
  - Хімічного, механічного та іншого впливу, попадання сторонніх предметів, рідин, комах та продуктів їх життєдіяльності всередину виробу;
  - Неправильної експлуатації, що полягає у використанні виробу не за його прямим призначенням, а також встановлення та експлуатації виробу з порушенням вимог Інструкції з експлуатації та правил техніки безпеки;
  - Використання приладу з метою, для якої він не призначений;
  - Нормальної експлуатації, а також природного зношування, що не впливають на функціональні властивості: механічні пошкодження зовнішньої або внутрішньої поверхні (вм'ятини, подряпини, потертості), природні зміни кольору металу, у тому числі поява райдужних та темних плям, а також корозії на металі у місцях пошкодження поверхні та непокритих ділянках металу;
  - Зношування деталей оздоблення, ламп, батарей, захисних екранів, накопичувачів сміття, ременів, щіток, насадок та інших деталей з обмеженим строком використання;
  - Ремонту виробу, здійсненого особами або фірмами, що не є Авторизованими сервісними центрами\*;

- Пошкоджень виробу під час транспортування, некоректного його використання, а також у зв'язку з не передбаченими конструкцією виробу модифікаціями чи самостійним ремонтом.
4. Виробник не несе гарантійні зобов'язання, якщо на виробі відсутня паспортна ідентифікаційна табличка, або дані в ній витерті або виправлені.
  5. Ця гарантія діє лише для виробів, що використовуються для особистих побутових потреб, та не розповсюджується на вироби, котрі використовуються з комерційною, промисловою та професійною метою.

Увага! Виробник не несе відповідальності за можливу шкоду, прямо чи опосередковано завдану виробом POLARIS людям, домашнім тваринам, навколишньому середовищу, або пошкодження майна у випадку, якщо це сталося у результаті недотримання правил або умов експлуатації та встановлення виробу, навмисних та необережних дій споживача та третіх осіб.

З усіх питань, пов'язаних з технічним обслуговуванням, перевіркою якості, гарантійним та постгарантійним ремонтом виробів POLARIS звертайтеся до найближчого Авторизованого сервісного центру POLARIS або до продавця – уповноваженого дилера POLARIS.

Гарантійний ремонт виробів POLARIS здійснюють лише Авторизовані сервісні центри POLARIS.

\*Адреси Авторизованих центрів на сайті Компанії: [www.polar.ru](http://www.polar.ru)

Для підтвердження дати придбання виробу при гарантійному ремонті або пред'явлення інших передбачених законом вимог просимо Вас зберігати документи про покупку.

Такими документами можуть бути заповнений гарантійний талон POLARIS, касовий чек або квитанція продавця, інші документи, що підтверджують дату та місце покупки.

У разі ненадання документу, що підтверджує дату придбання виробу, строк гарантії вираховується з дати виготовлення виробу.

Дата виготовлення вказана на паспортній ідентифікаційній табличці, що знаходиться на задній стінці виробу.

**Асүйлік электр машинасы**  
**Үлгісі РКМ 1002**  
**POLARIS**  
**Пайдалану жөніндегі нұсқаулық**

POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Біздің бұйымдар сапа, функционалдық және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес жасалған. Біздің фирмадан жаңа бұйым алғаныңызға риза болатыныңызға сенімдіміз.

Құрылғыны пайдаланбас бұрын осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты міндетті түрде толықтай, мұқият оқып шығыңыз, осы нұсқаулықтың барлық пайдалану ережелерімен мұқият танысыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат бар, сондай-ақ, құрылғыны дұрыс пайдалану және оған күтім көрсету жөніндегі нұсқаулар мен кеңестер берілген.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты кепілдік талонымен, кассалық чекпен бірге, мүмкіндігінше, картон қорапта және орама материалымен бірге сақтаңыз.

**Мазмұны**

1. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ .....	28
2. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ПАЙДАЛАНУ АЯСЫ .....	28
3. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ .....	28
4. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҒЫ .....	29
5. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ІСКЕ ҚОСПАС БҰРЫН ПАЙДАЛАНУҒА ДАЙЫНДАУ .....	29
6. ЖҰМЫС ТӘРТІБІ .....	29
7. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ТАЗАРТУ ЖӘНЕ ОҒАН КҮТІМ КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛАР .....	33
8. ҚҰРЫЛҒЫНЫ САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ .....	33
9. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ТАСЫМАЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ .....	33
10. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ТАУАР РЕТІНДЕ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ .....	34
11. ПАЙДАЛАНУҒА ЖАРАМСЫЗ ҚҰРЫЛҒЫНЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАР .....	34
12. АҚАУЛАРДЫ ІЗДЕСТІРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ТӘСІЛДЕРІ .....	34
13. АСҮЙЛІК ЭЛЕКТР ҚҰРЫЛҒЫМЕН ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛАР .....	35
14. ЭЛЕКТР ТҰРМЫСТЫҚ ҚҰРАЛДАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР .....	36
15. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ .....	38
16. СЕРТИФИКАТТАУ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ .....	38
17. КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕ .....	39

## 1. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ


Бұл пайдалану бойынша нұсқаулық, үлгісі РКМ 1002, POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын тұрмыстық асүйлік электр машинасы (бұдан әрі мәтін бойынша – құрылғы, асүйлік құрылғы/машинасы) жөніндегі техникалық деректері мен сипаттамаларымен, оның құрылғысымен, сонымен қатар құрылғыны сақтау және пайдалану бойынша ережелермен танысуға арналған.

## 2. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ПАЙДАЛАНУ АЯСЫ

- Бұл құрылғы тек қана үйде, тұрмыстық мақсатта осы Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың ережелері мен талаптарына сәйкес, тұрмыстық үй-жайында қалыпты болып саналатын ылғалдық пен температурада, үй тұрмыс жағдайында және соған ұқсас жағдайларда ғана пайдалануға арналған:
  - тұрақты тұрғылықты мекенжайларда;
  - дүкен қызметкерлерінің тамақтанатын орындарында, кеңселерде, фермерлік шаруашылықта және басқа да жұмыс орындарында;
  - тұруға арналған қонақ үйлерде, сондай-ақ, тұтынушылардың уақытша тоқтайтын, тамақтанатын және бос уақыттарын өткізетін қонақжай мен мейманхана сияқты және басқа да тұруға арналған жанұялық демалыс орындарында;
  - түнеуге және таңғы асты ішуге арналған орындарда пайдалануға арналған.
- Бұл тұрмыстық асүйлік құрылғыны өнеркәсіптік және коммерциялық мақсатта пайдалануға тыйым салынады, сондай-ақ, бұл құрылғы тамақ емес өнімдерді өңдеуге арналмаған.
- Өндіруші осы Пайдалану жөніндегі нұсқаулықта қарастырылмаған немесе дұрыс пайдаланбаудың нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты емес.

## 3. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Бұл асүйлік электр машинасы құрылғының жиынтығына кіретін көпіршіткіш (бұлғауыш) қондырмасын (венчигін) сонымен бірге араластырғыш қондырмасын пайдалану арқылы сұйық және сусымалы тағам өнімдерін езіп араластыруға және әртүрлі тұздықтар мен сұйық салындысын және майонез, сонымен қатар десерттік (тәтті) тағамдарын (әртүрлі коктейльдерін, сүттен көпіршітілген кілегей, пудинг тағамын және жеміс-жидектен не шоколадтан жасалатын мусс тәтті тағамын, сонымен қатар кілегей мен қаймақтан көпіршітілген қою үлпілдеген крем) әзірлеуге, сондай-ақ қамыр илеуге арналған ілмегі арқылы түрлі консистенциядағы қамырды илеуге арналған.



1. Асүйлік машинаның жұмыс бөлігі;
2. Тағам өнімдерін салуға арналған саңылауы бар тостағанның қақпағы;
3. Асүйлік машинаның алынбалы тостағаны;
4. Құрылғыда қондырмаларының айналу шапшаңдығын (жылдамдығын) реттейтін 5-сатылы жылдамдық реттегіштің тұтқасы;
5. Асүйлік машинаның жұмыс бөлігін бекітуге арналған бекіткіш батырмасы;
6. Қамыр илеуге арналған ілмегі;
7. Тағам ингредиенттерін араластыруға арналған қондырмасы;
8. Тағам өнімдерін көпіршітуге арналған бұлғауыш (венчигі);

#### 4. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҒЫ

1. Асүйлік машинасы - 1 дана.
2. Тағам өнімдерін көпіршітуге арналған бұлғауыш (венчигі) -1 дана.
3. Қамыр илеуге арналған ілмегі - 1 дана.
4. Тағам ингредиенттерін араластыруға арналған қондырмасы – 1 дана.
5. Құрылғының тостағаны - 1 дана.
6. Тостағанның қақпағы – 1 дана.
7. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық – 1 дана.
8. Кепілдік талоны – 1 дана.

#### 5. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ІСКЕ ҚОСПАС БҰРЫН ПАЙДАЛАНУҒА ДАЙЫНДАУ

- Құрылғының қаптама қорабын ашып, құрылғыны абайлап шығарып алыңыз, содан кейін құрылғымен бірге жеткізілген оның жеткізілім жиынтықтығына кіретін барлық құрамдас бөлшектері мен керек-жарақтарын қарап тексеріп шығыңыз, олардың барлығы бар болғанына көз жеткізіңіз, осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың (Құрылғының жиынтықтылығы) тарауында көрсетілген нұсқауларын қарап шығыңыз.
- Құрылғының сыртынан және ішінен, сондай-ақ оның барлық бөлшектерінен орама материалдарын және жарнамаға қатысты жапсырмаларын алып тастаңыз.
- Құрылғының электр желілік баусымын және оның жеткізілім жиынтықтылығына кіретін барлық құрамдас бөлшектері мен керек-жарақтарын тексеріп қарап шығыңыз, олардың барлығы зақымдалмағанына көз жеткізіңіз
- Құрылғыны алғаш рет пайдаланар алдында, оның тағам өнімдермен жанасатын барлық бөлшектері мен керек-жарақтарын (тостаған мен қақпағын, қондырмаларын) жылы сабынды суда жуып, ыстық сумен бірнеше рет жақсылап шайып тазартып алыңыз, содан кейін құрғақ матамен сүртіп шығыңыз да, олар әбден құрғақ болғанша құрғатыңыз.

#### 6. ЖҰМЫС ТӘРТІБІ


*Құрылғыны құрастырып жинау.*



**Асүйлік машинаны құрастырып жинамас бұрын, яғни бұл құрылғыны құрастырып жинау барысында, жарақаттанып қалу мүмкіндігін болдырмау үшін, асүйлік машинаның электр желілік баусымы электр желісінен ажыратылғанына көз жеткізіңіз. Егер асүйлік машинаның тостағаны құрылғыға орнатылмаған және оған дұрыстап бекітілмеген болса, ешқашан құрылғының электр желілік баусымын электр желісіне жалғамаңыз.**

1. Ас үй машинасын тегіс, таза және құрғақ жазықтыққа орнатыңыз
2. Бекіту (5) батырмасына басыңыз да, жұмыс істетін бөлігін (1) шерпек дыбыс шыққанға дейін көтеріңіз.
3. Тостағандағы шығыңқы жерлерін негізіндегі ойықтарға үйлестіріп, тостағанды (3) негіздің ұяшығына орнатыңыз да, көп күш салмай, бекіту үшін түбіне дейін сағат тілі бойынша бұраңыз.
4. Тамақтарды тостағанға (3) салыңыз.
5. Қондырма жетегінің торабына тостаған (2) қақпағын орнатыңыз. Ол созылмалы демпфелердің үйкелуі есебінен бекітіледі, бекіту құлыбы жоқ. Тағамдарды беруге арналған қақпақ тесігі жылдамдықты реттегіш жағында болуы тиіс (жабдықтың сипатын қараңыз).
6. Қажетті қондырманы (6/7/8) таңдаңыз да, оны қондырма жетегінің торабында орналасқан жұмысшы білікке орнатыңыз.

Қондырманы орнату үшін оның орнату бүйіріндегі саңылауға жұмысшы біліктегі штифтпен біріктіріңіз, оны үстіге қарай басыңыз да, түбіне дейін 90° жеткізіп сағат тілі бойынша бұрыңыз.



**Қамыр илеуге арналған ілгек (6)** ауыр қамырды араластыру үшін пайдаланылады, мысалы, ашытқылы немесе қою қантты;

**Араластыруға арналған қондырма (7)** сұйық қамырды, кремдерді, глазурльдерді, майонезді, сұйық салмалар мен тұздықтарды дайындау үшін пайдаланылады.

**Шайқауға арналған бұлғағыш (8)** жұмыртқа ақуыздарын, кілегейді, үлпілдек кремдерді, мусстарды, десерттерді дайындау үшін пайдаланылады.

**Назар аударыңыз!**

**Осы жабдықтың жинағына кіретін шайқауға арналған бұлғауышты, араластыруға арналған қондырманы және қамыр араластырғыш ілгекті ғана пайдаланыңыз.**

7. Айналмалы ілгекті бекіту (5) батырмасына басып, жабдықтың жұмыс істейтін бөлігін көлденең күйге ауыстырыңыз. Бұл ретте өзіне тән дыбыс шығады.

**Назар аударыңыз!** Жабдықтың жұмыс уақытында тостағанға қоспаларды тостаған қақпағындағы (2) арнайы тесік арқылы ғана салуға рұқсат етіледі.

**Назар аударыңыз! Ешқашан да тостағанды жабдық қосулы кезде шешпеңіз, бұл жарақат тудыруы мүмкін!**

**Жабдықты қосу.**

1. Жабдықтың желілік шнурын толықтай тарқатыңыз.
2. Жылдамдық реттегіші (4) "0" күйінде екеніне көз жеткізіп, вилканы розеткаға қосыңыз.
3. Ас үй машинасында 5 сатылы жылдамдық реттегіш (4) бар.
4. Сағат тілі бойынша жылдамдық реттегішінің (4) тұтқасын бұрап, жабдықты қосыңыз.

**Назар аударыңыз!** Тағамдардың шашырауының алдын алу үшін, жабдықты алдымен төменгі жылдамдықта қосыңыз, сосын реттегіш көмегімен оны біртіндеп арттырыңыз (4).

**Назар аударыңыз!** Араластыруға арналған ілгекпен немесе қондырмамен қамырды илеу үшін жылдамдықтың минималдық, ал бұлғауышпен шайқау үшін - максималдық мәндерін пайдалану ұсынылады.

**Назар аударыңыз!** Қамыр илеу кезінде 600 г артық ұнды пайдаланбау ұсынылады.

**Назар аударыңыз!** Механикалық сынудың алдын алу үшін шеткі белгіленген күйлерден алыс реттегіштің тұтқасын бұрамаңыз.

**Назар аударыңыз!** Жұмыс кезінде жұмысшы бөлігінің корпусындағы желдету тесіктерін жаппаңыз, бұл мотордың шамадан тыс қызуына әкелуі мүмкін.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Жабдықтың үздіксіз жұмыс істеуі уақыты қамырды илеуге арналған ілгекті пайдаланған кезде 8 минуттан және бұлғауыш үшін 15 минуттан аспауы тиіс. Қосу арасында ұсынылатын үзіліс - 30 минут.

**Қоспаларды қосу және қондырмаларды ауыстыру**

1. Жылдамдық реттегіштің тұтқасын "0" күйіне ауыстырып, жабдықты өшіріңіз. Розеткадан қуат көзі шнурының вилкасын тартып, жабдықты желіден өшіріңіз.
2. Жетектің толықтай тоқтауын күтіңіз.
3. Жұмысшы бөлігінің айналмалы ілгегінің бекіту батырмасын (5) басыңыз да, жұмысшы бөлігін шертпе дыбыс шыққанға дейін көтеріңіз
4. Қондырманы ауыстырыңыз (6/7/8)
5. Қажет болса тостағанға (2) қоспаларды салыңыз
6. Айналмалы ілгекті бекіту (5) батырмасына басып, жабдықтың жұмыс істейтін бөлігін көлденең күйге ауыстырыңыз. Бұл ретте өзіне тән дыбыс шығу тиіс.
7. Жабдықты желіге қосыңыз, реттегішке қажетті жылдамдықты орнатып, оны қосыңыз.
8. **Жабдықтың жұмыс істеуі уақытында** қоспаларды қосу үшін тостаған (2) қақпағындағы арнайы тесікті ғана пайдаланыңыз.



**ҚҰРЫЛҒЫДАҒЫ АЙНАЛАТЫН ҚОНДЫРМАЛАРДЫҢ САЛДАРЫНАН ЖАРАҚАТ АЛУ ҚАУПІ БАР!**

Бұл асүйлік құрылғымен пайдаланған кезде абай болыңыз, жарақат алмас үшін, киімнің бөлшектері мен саусақтарыңызды, дененіздің басқа да бөліктерін, мысалы шашыңызды құрылғының қозғалатын бөлшектерінен қауіпсіз қашықтықта ұстаңыз, сондай-ақ құрылғының тостағанына тағам өнімдерін салған кезде ыдыс қақпағындағы саңылауына ешбір жағдайда қолдарыңызды немесе қандай да бір заттарды сұқпаңыз. Асүйлік машинаның жетегі толығымен тоқтағаннан кейін ғана құрылғыдағы қондырмасын ауыстыруға болады. Құрылғыны сөндіргеннен кейін, оның жетегі біраз уақыт инерция бойынша қозғалады.

**Қондырмаларды пайдалану мен жұмыс режимдерін таңдау бойынша ұсыныстар**

Қондырмалар	Жүктелетін өнімдер саны		Жұмыс істеу уақыты	Жұмыс істеу режимі	Ескертпе:
<b>Қамырды илеуге арналған ілгек</b>	балауыздың жоғары мөлшері бар ұн 600 г дейін	Су 300 мл артық	1-режимде 7 минут жұмыстан соң, 2-режимді 7 минут қолданыңыз Егер жұмыс істеудің 8 минутынан кейін сіз қалаған нәтижеге қол жеткізе алмасаңыз, онда сіз өңдеу уақытын өз	<b>1-2</b>	Қамыр сияқты жоғары тығыздықтағы тағамдар үшін қамырды илеу уақыты - 8 минутқа дейін. Егер сіз бақса нәрсе пысырғыңыз келсе, мысалы, нан, сіздің қажеттіліктерге сәйкес жұмыс уақытын арттырыңыз. Қосу арасында ұсынылатын үзіліс - 30 минут.
	600 г дейін қарапайым немесе торттық ұн	Су 300 мл артық			

			қалауыңыз бойынша арттыруыңызға болады. <b>Назар аударыңыз!</b> Жұмыс істеудің жоғары режимдерін (2-ден артық) пайдалануға тыйым салынады!		<p><b>Назар аударыңыз!</b> Қамыр илеу үшін 2-ден жоғары режимге тыйым салынады;</p> <p><b>Назар аударыңыз!</b> Ұн мен судың қатынасын біздің ұсынысқа сәйкес ұстаңыз.</p> <p><b>Назар аударыңыз!</b> 600 г артық ұнның мөлшерін пайдаланбаңыз, әйтпесе машина зақымдалуы мүмкін.</p>
<b>Назар аударыңыз!</b> Жоғары мөлшердегі балауызы бар ұнның суға қатынасы 1:2; Қарапайым ұнның суға қатынасы 1:1,2					
<b>Араластыруға арналған қондырма</b>	Ұн	100 г	3-5 мин	1-5	Қондырмасұйық қамырды, кремдерді, глазурльдерді, майонезді, сұйық салмалар мен тұздықтарды дайындау үшін тағайындалған.
	Қант	100г			
	Сары май	100г			
	жұмыртқа	2 дана.			
<b>Бұлғауыш</b>	Көпіршітілген кілегей	800 мл	2 мин	1-5	Қондырма көпіршітілген кілегей, көпіршітілген жұмыртқа ақуызы сияқты жеңіл тығыздықтағы тағамдарды дайындау үшін тағайындалған. Бұл режимдегі жабдықтың жұмыс істеуінің максималдық уақыты - толық сууын қоса алғанда 15 минут. <b>Назар аударыңыз!</b> Өте ұзақ уақыт жұмыртқа ақуызын араластыру оның бүлінуіне әкелуі мүмкін, сондықтан да қоспаның күйін бақылаңыз
	Жұмыртқа ақуызы	2-10 дана	4-6 минут	1-5	

### **Құрылғыны пайдаланып болған соң**

1. Құрылғыда қондырмаларының айналу шапшаңдығын (жылдамдығын) реттейтін жылдамдық реттегіштің тұтқасын «0» нөлдік қалпына бұрап орнатыңыз. Құрылғының электр желілік баусымның айырын ашалаы розеткасынан суырып алыңыз да, асүйлік машинаны электр желісінен ажыратыңыз. Құрылғыдағы жетек толықтай тоқтағанша күте тұрыңыз.
2. Асүйлік машинада жұмыс бөлігінің бұру топсасын бекітуге арналған (5) бекіткіш батырмасын басыңыз да, құрылғының жұмыс бөлігін аздап жоғары қарай, ол толығымен жоғары қалпында бекітілгенше, көтеріңіз.
3. Құрылғыға орнатылған қондырмасын (6/7/8) құрылғы қондырмаларының жетек түйінінде орналасқан жұмыс білігінен ажыратып алыңыз, ол үшін алдымен бекітілген қондырмасын жетегінің осі бойымен жоғары қарай басыңыз да, оны сағат тіліне қарсы бағытта 90° градусқа бұраңыз.



4. Тостағанның қақпағын (2) құрылғы қондырмаларының жетек түйінінен ажыратып алыңыз, ол үшін алдымен тостағанның қақпағын сәл ғана шағын бұрышпен сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз да, оны құрылғы қондырмаларының жетек түйінінен бұрап алыңыз.
5. Асүйлік машинаның тостағанын (3) сағат тіліне қарсы бағытта бұрап, оны құрылғының корпусындағы платформалық негізіндегі ұяшығынан босатып алыңыз, содан кейін оны құрылғының корпусындағы платформалық негізінен ажыратып алыңыз.

## **7. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ТАЗАРТУ ЖӘНЕ ОҒАН КҮТІМ КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛАР**

- Құрылғыны пайдаланнан кейін тазартуды кеш уақытқа қалдырмай оны әрбір пайдаланған соң бірден тазарту керек.
- Құрылғыны тазартпас бұрын, оның электр желілік баусымның айырын электр желісінен ажыратыңыз, содан кейін құрылғыдан оның тостағанын және оған орнатылған қондырмасын ажыратып алыңыз (алдыңғы тараунда берілген сипаттамаларын қараңыз).
- Құрылғының сыртқы корпусын, оның тостағанын және қондырмаларын тазалап, күтім жасау үшін абразивті заттары бар жуғыш немесе тазартқыш құрылғыларды немесе абразивті материалдарды және органикалық ерітінділерді пайдаланбаңыз.
- Құрылғының тостағанын және оның қолданған қондырмаларын ыдыс жууға арналған сұйықтық заттарын пайдалану арқылы жылы ағын судың астында жұмсақ ысқышпен немесе жұмсақ түкті қылшақпен жуып тазалаңыз, содан кейін салқын таза судың астында шайып шығыңыз.
- Құрылғының тостағанын ыдыс-аяқ жуатын машинада жуып алуға болады, бұл жағдайда тостағанның бүлінуін алдын алу үшін ыдыс-аяқ жуатын машинаға берілген нұсқаулықтың талаптарын, сонымен қатар қолданылатын тазарту құрылғыларының сипаттамаларын басшылыққа алыңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Құрылғының қондырмаларын ыдыс-аяқ жуатын машинада жууға тыйым салынады.

- Құрылғының сыртқы корпусын және жетек түйіннің бетін сәл ғана дымқыл шүберекпен сүртіп шығыңыз.
- Құрылғының барлық бөліктері мен бөлшектерін құрғақ шүберекпен жақсылап сүртіп шығыңыз немесе ашық ауада құрылғының барлық бөліктері мен бөлшектері әбден толықтай құрғақ болғанша құрғатыңыз.
- Құрылғыны және оның барлық бөлшектері мен керек-жарақтарын жуып-шайып, кептірген соң, оны жиналған күйінде сақтауға болады, құрылғының электр желілік баусымын орап жиналған күйінде сақтау үшін құрылғының корпусында оның табаны жағында арнайы бөлігі бар.

## **8. ҚҰРЫЛҒЫНЫ САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Электрлік құрылғылар қоршаған ауа температурасы плюс 40°C -тан аспайтын және 5°C-тан кем емес, сонымен салыстырмалы ылғалдығы 70%-дан жоғары емес, қышқылды, сондай-ақ, электрлік құралдар материалдарына теріс әсер ететін өзге де будың, шаңның болмауы жағдайында жабық, құрғақ әрі таза бөлмежайда сақталуы тиіс.

## **9. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ТАСЫМАЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Электрлік құрылғылардың тасымалдауы нақты бір көлік түрінде әрекет ететін жүкті тасымалдау және механикаландырылған жүк тиеу-түсіру жұмыстарының орындалуын қамтамасыз ететін, жүкті көлігімен тасымалдау қағидаларына сәйкес көліктің барлық жабық түрлерінде кез келген көлік құрылғыларымен жүзеге асырылады.

Электрлік құрылғыларды тасымалдау барысында бүлінуден сақтау әрекеті қамтамасыз етілуі тиіс – бұйымның сапасы мен тұтынушы құралының сыртқы түрі сақталуы керек.

Электр құрылғыларды тасымалдау барысында оларды тікелей механикалық бүлінулерден, қызудан, оған тіке күн сәулесінің, атмосфералық жауын-шашындардың түсуінен, ылғал мен агрессиялық орталар әсер етуінен қорғау шарттары қамтамасыз етілуі керек, сондай-ақ, құрылғылардың бұзылу қаупін туғызатын себептерін, яғни жоғарыда аталған әсерлердің тікелей әсер ету мүмкіндігін болдырмау қажет.

## 10. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ТАУАР РЕТІНДЕ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Бұл құрылғыны тауар ретінде өткізу жөніндегі ережелері белгіленген емес.

## 11. ПАЙДАЛАНУҒА ЖАРАМСЫЗ ҚҰРЫЛҒЫНЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАР

Жарамсыз деп табылған тұрмыстық электрлік құрылғылар мен техникалық бұйымдарды кәдеге жарату барысында пайда болатын қатты тұрмыстық қалдықтар белгіленген тәртіппен және салалық нормативті құжаттары бойынша көзделген қолданыстағы ережелер мен нормаларға сәйкес, соның ішінде «Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру мен залалсыздандыру бойынша гигиеналық талаптар» Санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға 2.1.7.1322-03 сәйкес кәдеге жарату үшін міндетті түрде жиналуы тиіс.

## 12. АҚАУЛАРДЫ ІЗДЕСТІРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ТӘСІЛДЕРІ

Ақауларға қатысты мәселелер	Мүмкін себебі	Ақауларды жою тәсілдері
Құрылғының электр желілік баусымының айырын электр желісіне жалғастырып, қосқан кезде құрылғы жұмыс істемейді.	Ашалы розетка ақаулы шығар, тексеріңіз.	Ашалы розеткаға өзге электр құралын қосу арқылы оның кернеуін тексеріңіз.
	Құрылғының электр желілік баусымы зақымдалған шығар, тексеріңіз.	Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз, бұл ақауды тек арнайы жөндеу шеберханасында жұмыс жасайтын мамандары ғана жоя алады.
	Құрылғы дұрыс құрастырылып жиналмаған шығар немесе құрылғының жұмыс бөлігі дұрыстап бекітілуі үшін толығымен төмен қарай түсірмеген.	Асүйлік машинада құралдың барлық бөлшектері мен бөліктері дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.
Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде тоқтап қалады.	Құрылғы тым қызып кеткен шығар. Құрылғыда автоматты түрде сөндіру функциясы іске қосылған шығар, тексеріңіз.	Құрылғыда қондырмаларының айналу шапшаңдығын (жылдамдығын) реттейтін жылдамдық реттегіштің тұтқасын «0» нөлдік қалпына бұрап орнатыңыз. Құрылғының электр желілік баусымның айырын ашалы розеткасынан ажыратып алыңыз, содан кейін құрылғы толығымен суығанша 30 минут күте тұрыңыз.
Тағам өнімдерін өңдеу барысында құрылғының күшті дірілі сезіледі.	Нан қамырын тым қатты етіп илеген кезде құрылғының күшті дірілі сезілуі мүмкін.	Бір ас қасық су қосыңыз.
Жұмыс барысында құрылғыдан өткір бөгде иіс сезіледі.	Құрылғы тым қызып кеткен шығар.	Құрылғының үздіксіз жұмыс істеу уақытын азайтыңыз да, оның қосылыстарының арасындағы аралықты (интервалын) көбейтіңіз, яғни құрылғыны пайдаланып болған соң, оны қайтадан қолданар алдында үзіліс уақытын

		бірнеше секундқа дейін ұзартуға кеңес беріледі. Құралды осы нұсқаулықта белгіленген уақыттан ұзақ уақыт пайдаланбаңыз.
	Құрылғы жаңа болғандықтан, сезілетін өткір иіс қорғаныс қабатынан келеді.	Құрылғыны және оның бөлшектері мен қондырмаларын жақсылап жуып-шайып тазартыңыз.

**Назар аударыңыз!** Егер де, туындаған мәселені Сіз жоғарыда сипатталған қадамдарын қолдана отырып, өз бетіңізбен шеше алмасаңыз, тұтынушыларды қолдауға арналған авторизацияланған (уәкілетті) POLARIS сервистік қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.



Осы құрылғыны пайдалану барысында жарақаттанып қалу мүмкіндігін болдырмау мақсатында, сондай-ақ бұл құрылғының бұзылу қаупін туғызатын себептерін болдырмау үшін, сонымен қатар өрт қаупі бар жағдайларды болдырмау үшін осы нұсқаулықта берілген барлық қауіпсіздік жөніндегі талаптары мен ережелерін және де, тұрмыстық электрлік құрылғылармен пайдалану кезіндегі қауіпсіздік бойынша барлық қолданыстағы жалпы нұсқауларын және техникалық пайдалану қағидаларын, сонымен бірге бұл құрылғымен жұмыс істеу кезіндегі негізгі қауіпсіздік қағидаларын және қауіпсіздік сақтау жөніндегі ережелері мен шараларын қатаң сақтау қажет.

### 13. АСҮЙЛІК ЭЛЕКТР ҚҰРЫЛҒЫМЕН ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛАР

- Егер асүйлік машинаның жеткізілім жиынтығына кіретін тостағаны құрылғыға орнатылмаған және оған дұрыстап бекітілмеген болса, құрылғының электр желілік баусымын электр желісіне жалғауға тыйым салынады.
- Асүйлік машинаның жеткізілім жиынтығына кіретін тостағанын құрылғыда қақпақсыз пайдалануға тыйым салынады.
- Егер құрылғының тостағаны бүлінген (деформацияланған) болса, яғни оның пішіні майысқан немесе оның ішкі жабыны зақымдалған болса, ондай оның тостағанын құрылғыға орнатып, пайдалануға тыйым салынады. Құрылғыны бүлінген тостағанмен немесе басқа ыдыспен қолданбаңыз, яғни бұл құрылғының тостағанын өзге ыдыспен немесе кез келген басқа асүйлік құрылғының ыдысымен алмастыруға болмайды.
- Құрылғының жеткізілім жиынтығына кіретін тостағанын осы нұсқауда көрсетілмеген басқа мақсатта қолданбаңыз, сондай-ақ бұл асүйлік машинаның тостағанын басқа үлгідегі асүйлік құрылғымен пайдалануға тыйым салынады.
- Құрылғының тостағанына тағам өнімдері салынбаған болса, құрылғыны бос тостағанымен іске қоспаңыз.
- Іске қосылып, жұмыс істеп тұрған құрылғыны қадағалаусыз қалдырмаңыз.
- Бұл құрылғы ұзақ уақыт бойы үздіксіз жұмыс істеу үшін арналмаған, сондықтан оны ұзақ уақыт бойы үздіксіз пайдалануға болмайды. Бұл асүйлік машинаның үздіксіз жұмыс істеу уақыты 8 минуттан аспауы керек. Құрылғы қызып кетпес үшін, оның үздіксіз жұмыстың әрбір 8 минуттан кейін, оны келесі қолданар алдында 30 минутқа үзіліс жасап тұруға кеңес беріледі, бұл мотордың салқындауы үшін қажет.
- Бұл асүйлік машинасы құрылғының қызып кетуден қорғауға арналған кіріктірілген термосақтандырғышпен жабдықталған. Құрылғы автоматты түрде сөніп қалған жағдайда, бірден келесі әрекеттерді орындау қажет:
  - құрылғыда қондырмаларының айналу шапшаңдығын (жылдамдығын) реттейтін жылдамдық реттегіштің тұтқасын «0» нөлдік қалпына бұрап орнатыңыз да, құрылғыны сөндіріңіз.
  - құрылғының электр желілік баусымның айырын ашалы розеткасынан ажыратып алыңыз.
  - құрылғы толығымен суығанша, оны қайтадан қолданар алдында 30 минутқа үзіліс жасап күте тұрыңыз.
- Жұмыс барысында құрылғының корпусындағы ауа алмасатын желдеткіш саңылауларын жаппаңыз, бұл мотордың қызуына әкелуі мүмкін.

- Асүйлік машинасы іске қосылып, жұмыс істеп тұрған кезде, оның тостағанына ұн немесе қант ұнтағын салмаңыз, себебі бұл өнімдерінің (ұнның және қант ұнтағының) шаң тозаңы құрылғының корпусындағы ауа алмасатын желдеткіш саңылауларына кіріп кетуі мүмкін, сондықтан бұл құрылғының бұзылуына әкелуі мүмкін немесе құрылғы істен шығып, жарамсызданып қалуы мүмкін.
- Тағам өнімдерін көпіршіткен кезде бұл өнімдерінің көлемі екі не үш есеге ұлғаятынын назарға алыңыз, сондықтан құрылғының тостағанына тағам өнімдерін салған кезде, асүйлік машинаның тостағанның жартысына дейін ғана толтырыңыз. Тағам өнімдерін көпіршітіп өндеп алу үшін, алдымен құрылғыны ең төменгі жылдамдықта іске қосыңыз, содан кейін құрылғыда қондырмаларының айналу шапшандығын (жылдамдығын) арттыру қажет болса құрылғыдағы жылдамдық реттегіштің көмегімен қондырмаларының айналу шапшандығын (жылдамдығын) біртіндеп көбейте отырып, жайлап ұлғайтыңыз.
- Бұл асүйлік құрылғымен пайдаланған кезде абай болыңыз, жарақат алмас үшін, киімнің бөлшектері мен саусақтарыңызды, шашыңызды құрылғының қозғалатын бөлшектерінен қауіпсіз қашықтықта ұстаңыз.
- Бұл асүйлік құрылғыны мұздатылған сары май және қамыр сияқты қалың және қатты тағам өнімдерін шайқау, көпіршіту және араластыру үшін пайдаланбаңыз. Құрылғы бөлшектерінің шамадан тыс жүктелуін және бұзылуын болдырмас үшін, яғни құрылғының істен шығуына, сынуына не зақымдалуына жол бермес үшін маргарин, сары май және т.б. осы секілді қатты не қою тағам өнімдерін шайқап көпіршітпеңіз, мұндай қою немесе қатты тағам өнімдерін шайқап көпіршітпес бұрын, оларды жартылай сұйық болғанша және жұмсармайынша жылытыңыз.
- Құрылғыны пайдалану барысында, яғни құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде, оның тостағанына пышак, қасық, шаңышқы және өзге де асүйлік жабдықтардың, асханалық аспаптарының сонымен қатар, басқа да бөгде заттардың түспеуін қадағалаңыз.
- Құрылғыны пайдалану барысында, оның қозғалып тұрған бөліктеріне қасық немесе қалақшаны тигізбеңіз, бұл құрылғының зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Бұл асүйлік құрылғыны пайдаланған кезде абай болыңыз, жарақат алмас үшін, қолдарыңызды және дененіздің басқа да бөліктерін, мысалы саусақтарыңызды құрылғының тостағанына тағам өнімдерін салған кезде ыдыс қақпағындағы саңылауына ешбір жағдайда қолыңызды немесе қандай да бір заттарды сұқпаңыз.
- Құрылғыны сөндіргеннен кейін, оның жетегі біраз уақыт инерция бойынша қозғалады. Құрылғыдағы қондырмасын ауыстыру үшін асүйлік машинаның жетегі толығымен тоқтағанша күте тұрыңыз, содан кейін құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз.
- Құрылғының қондырмаларын ауыстырар алдында немесе құрылғыны тазартпас бұрын, оны әрдайым электр желісінен ажыратыңыз.
- Құрылғыдағы барлық қондырмаларының мұқият жуылғанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны жуып тазарту үшін, оны суға батыруға БОЛМАЙДЫ және ыдыс-аяқ жуатын машинада жууға тыйым салынады.
- Құрылғының жеткізілім жиынтықтығына кірмейтін қосымша аксессуарларға жататын бөлшектері мен керек-жарақтарын пайдалану Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.
- Құрылғыны және оның құрамдас бөліктерін немесе оның қандай да бөлшектері мен керек-жарақтарын бүлдіріп алмас үшін, оларды тоназытқыш құрылғының мұздатқыш бөлігіне, сондай-ақ, тұмшапешке немесе қысқа микротолқынды пешке салмаңыз.
- Бұл асүйлік құрылғыны тамақ емес өнімдерді араластыру үшін қолданбаңыз.
- **Назар аударыңыз!** Егер де, Сіздің үйіңіздегі электрмен жабдықтау жүйедегі электр қуаты ауытқып кеткен болса, яғни электр энергиясын беруін тоқтатқан болса, бұл құрылғы іске қосылған күйінде қалады және үйіңіздегі электрмен жабдықтау жүйедегі электр энергия берілген кезде құрылғы іске қосылады да, жұмысын өз бетімен жалғастыра, тағам өнімдерін өндеу үдерісін жүзеге асыруды бастайды. Іске қосылып, жұмыс істеп тұрған құрылғыны қадағалаусыз қалдырмаңыз. Егер сіз құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде, құрылғының кенеттен сөніп қалғанын байқасаңыз, құрылғыда жылдамдық реттегіштің тұтқасын бірден «0» нөлдік қалпына бұрап орнатыңыз да, бұл мәселенің мән-жағдай анықталғанша, құрылғының электр желілік баусымның айырын ашалы розеткасынан суырып алыңыз.

#### 14. ЭЛЕКТР ТҰРМЫСТЫҚ ҚҰРАЛДАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР

- Бұл құрылғы электр энергетикасы саласындағы заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес пайдаланылуы тиіс, яғни құрылғының пайдалануы «Тұтынушылардың электрлі қондырғыларын техникалық пайдалану қағидалары» бойынша тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану тәртібін айқындайтын ережелерінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғыны тек мақсаты бойынша ғана пайдалану керек.
- Бұл құрылғыны пайдалануды бастамас бұрын, осы пайдалану жөніндегі Нұсқаулықты міндетті түрде, толығымен мұқият оқып шығыңыз.
- Әр жолы құрылғыны іске қоспас бұрын, оны қарап шығыңыз. Бұл құрылғының және оның электр желілік баусымның қандай да бір ақаулығы анықталған жағдайда, құрылғыны электр желіге, ашалы розеткаға қосуға мүлдем болмайды.
- Құрылғы еденге не жерге құлаған жағдайда, оның көзге анық көрінетін қандай да бір ақаулығы (зақымдауы) байқалған кезде, құрылғыны қолданбаңыз. Құрылғыны пайдаланбас бұрын, оны білікті маманға көрсету қажет, оны тек қызмет көрсету орталығының қызметкері ғана тексеріп шығуы тиіс.
- Аталған құрылғыны қолдануға қатысты қауіпсіздіктері үшін жауап беретін тұлғаның нұсқаулығы жүргізілген немесе қадағалау жүзеге асырылған кездерді есепке алмағанда, дене қабілеттігі шектеулі, сенсорлық қабілеттілігі төмен, яғни сезімдік не болмаса ақыл-ой деңгейі кем, сондай-ақ, құрылғыны қолдану үшін білімі мен тәжірибесі жоқ не қолдана білмейтін адамдар немесе жүйке жүйесінде немесе психикалық, физикалық ауытқулары бар тұлғалардың (балаларды қоса алғанда) қолдануына арналмаған. Олар бұл құрылғыны өз қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамның нұсқауы немесе қадағалауы бойынша пайдалануға тиіс. Балалардың құрылғымен ойнауына жол бермеу үшін оларды қадағалап отырыңыз.
- Іске қосылып, жұмыс істеп тұрған құрылғыны қадағалаусыз қалдырмаңыз. Егер құрылғымен пайдаланбайтын болсаңыз, әрқашан оның электр желілік баусымның айырын электр желісінен ажыратыңыз.
- Егер сіз асүйлік машинаны ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, құрылғыны зауыттық орама мен қаптама қорабында, құрғақ және балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- **Назар аударыңыз! Бұл электрлік құрылғыны ванна, ыдыс-аяқ жуатын шұңғылша немесе сумен толтырылған басқа да сыйымдылықтардың қасында пайдалануға болмайды.**
- Бұл құрылғыны ешбір жағдайда суға немесе басқа сұйықтықтарға батырып салуға мүлдем болмайды. Құрылғыны дымқыл қолыңызбен ұстамаңыз. Асүйлік электр құрылғы дымқылданса, оның электр желілік баусымның айырын бірден электр желісінен ажыратыңыз.
- Құрылғы суға түсіп кеткен жағдайда, оның электр желілік баусымның айырын бірден электрлік қоректену желісінен ажыратыңыз, сонымен қатар, бұл ретте қолды суға малуға мүлдем болмайды. Құрылғыны екінші мәрте пайдаланудың алдында оны білікті маман тексеріп шығуы керек.
- Құрылғыны тек қана ауыспалы тоқ көзіне ғана қосыңыз (~). Құрылғыны электр желіге қоспас бұрын, электр желідегі қолданылатын электрлік параметрлерін тексеріңіз, бұл құрылғының техникалық сипаттамаларында көрсетілген кернеудің параметрлері Сіздің үйіңіздегі электрлік желісінде қолданылатын кернеуіне, яғни электрлік желінің параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Техникалық стандартқа сай келмейтін қуат беру және электрлік қоректендіру көздері мен ұзартқыш не жалғастырғыш құрылғыны және үшжақты жалғаулық секілді ұшайыр біріктіргіш қосу құрылғыларын пайдаланбаңыз.
- Құрылғының электр желілік баусымның айырын электр желісіне жалғамас бұрын, құрылғыда жылдамдық реттегіштің тұтқасы «0» нөлдік күйінде тұрғанына, яғни құрылғы сөндірілген күйінде екеніне көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны бөлмеден тысқары жерде пайдаланбаңыз. Құрылғыны сүйір бұрыштарға соғылуынан сақтаңыз. Құрылғымен пайдаланып болғаннан кейін және құрылғыны тазартпас бұрын немесе құрылғы сынып, істен шыққан жағдайда, сондай-ақ, құрылғының керек-жарақтарын не бөлшектерін орнатпас бұрын, құрылғыны әрдайым сөндіріп, оның желілік баусымның айырын электр желісінен ажыратыңыз.
- Құрылғыны оның электр желілік баусымнан ұстап, тасымалдауға болмайды. Сондай-ақ, құрылғыны электр желілік баусымнан ұстап, желіден ажыратуға тыйым салынады. Құрылғыны электр желісінен ажыратқан кезде, тек оның штепсельді айыршасынан ұстаңыз.

- Құрылғының жеткізілім жиынтықтығына кірмейтін қосымша аксессуарларға жататын бөлшектері мен керек-жарақтарын пайдалану Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.
- Әр жолы құрылғыны әрбір пайдаланғаннан кейін, оның электрлі қоректендіргіш баусымын құрылғыға айналдыра орауға болмайды, себебі, уақыт өте келе бұл баусымның үзілуіне әкеп соғуы мүмкін. Қашанда құрылғының электрлі қоректендіргіш баусымын дұрыс сақтау үшін оны жақсылап тарқатыңыз.
- Құрылғы және оның электр желілік баусымы ыстық ауаның тікелей күн көзіне, жоғары температураның әсеріне, тікелей күннің жарық сәулесінің және де жауын-шашындардың түсуіне және ылғалға ұшырамайтындай етіп, яғни оның зақымдалуына әкелетін себептерін болдырмайтындай етіп, сақталуы керек.
- Құрылғының электр желілік баусымын тек қана білікті мамандар – қызмет көрсету орталығының қызметкерлері ғана ауыстыра алады. Жөндеу жұмыстарын техникалық біліктілігі жоқ немесе біліктілігі төмен деңгейдегі маман тарапынан, сондай-ақ, жоғарыда аталған техникалық білікті мамандарының санатына жатпайтын тұлға тарапынан жасалған болса, бұл қолданушыны қауіп-қатерге ұшыратуы мүмкін.
- Кепілдік қызмет көрсету әрекетін сақтау мақсатында және техникалық мәселелерінің алдын алу үшін бұл электрлік құрылғыны және оның жиынтықтығына кіретін керек-жарақтары мен бөлшектерін өз бетіңізбен бөлшектеуге және жөндеуге тырыспаңыз. Құрылғыны жөндеу, қарап-тексеру, сондай-ақ оны қалыпты күйге келтіру жұмыстарын тек техникалық білікті мамандарының санатына жататын тұлға тарапынан ғана жүзеге асырылуы керек, яғни аталған жұмыстарды қызмет көрсету орталықтарының қызметкерлері ғана жүзеге асыруы керек.
- Құрылғыны жөндеу үшін тек оның түпнұсқалы қосалқы бөлшектерін ғана пайдалану қажет.



**Назар аударыңыз!** Құрылғының пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін бұл электр құрылғыны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмай, оны одан әрі кәдеге жарату мақсатында, қалдықтарды қабылдаумен, қайта өңдеумен және кәдеге жаратумен айналысатын ресми пунктке өткізіңіз. Осылайша, Сіз қоршаған ортаны сақтауға өз септігіңізді тигізесіз.

## 15. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Кернеуі: ~220 – 240 В.

Жиілігі: ~50 Гц.

Номинал қуаттылығы: 500 Вт.

Құрылғының максималды қуаттылығы: 1000 Вт.

Қорғаныс жіктелімі– II

Тостағанның көлемі (сыйымдылығы): 4 л.

Құрылғының үздіксіз жұмыс істеу ұзақтығы – илеуге арналған ілгекті пайдаланған кезде 8 минуттан және бұлғауыш үшін 15 минуттан аспауы иіс.

**Ескертпе:** Өзгерістер мен жетілдіруді енгізудің ұдайы үрдісінің орын алуынан, нұсқаулық пен бұйымның арасында қандай да бір айырмашылық байқалуы мүмкін. Өндіруші, тұтынушының бұған назар аударатынына үлкен үміт артады.

**PKM 1002** – Polaris сауда таңбасымен шығарылған тұрмыстық асүйлік электр машинасы.

## 16. СЕРТИФИКАТТАУ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ

Бұл өнім Кеден Одағының «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 004/2011), сондай-ақ, «Техникалық құралдардың электрлі магниттік сәйкестілігі» (ТР ТС 020/2011) техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігін растау рәсімдерінен өтті және осы техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестілігі сертификатталды, сонымен бірге Кеден Одағына мүше мемлекеттердің нарығындағы өнім айналымының бірыңғай белгісі ЕурАзЭҚ техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес таңбаланған.

Сәйкестік Сертификатының тіркеу нөмірі/ сәйкестік туралы декларациясы жөнінде, сонымен бірге сертификаттың және декларациясының қолданылу мерзімі туралы мәліметтерді POLARIS бұйымды сатып алған жерде, яғни Өзіңіздің жергілікті POLARIS ресми сатушыңыздан немесе Өндірушінің Уәкілетті өкілінен алуыңызға болады.



**Бұйымның қызмет ету мерзімі:** 3 жыл  
**Бұйымға берілетін кепілдік мерзімі:** 12 ай

Құрылғының өңделіп шығарылған күні мен жылы: құрылғының сыртында, оның техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген

**Өндіруші:**

Поларис Корпорейшн Лимитед - POLARIS CORPORATION LIMITED  
1801 Блогі, 18/F, Джубили Сентр, 46 Глостер Роуд, Ванчай, Гонконг  
Unit 1801, 18/F, Jubilee Centre, 46 Gloucester Road, Wanchai, Hong Kong

**Қытайда жасалған.**

**Импорттаушы:**

"Континент" ЖШҚ, 115419, Мәскеу қ-сы, Орджоникидзе к-сі, 11-үй, 3-құрылым, 4-қабат, 1 ғимарат. 13-бөлме  
Телефон: +7 (495) 419-12-56.

**Өндірушінің РФ-ғы және Кеден Одағы мүше мемлекеттеріндегі Уәкілетті өкілі:**

"Поларис Инт" ЖШҚ, 105005, Ресей, Мәскеу қаласы, 2-ші Бауманская көшесі., 7-үй, 5-ші тұрғын үй құрылысы, 26-ші бөлме.  
Бірыңғай анықтамалық қызметінің телефон нөмірі: 8-800-700-11-78

## 17. КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕ

**Бұйым:** Асүйлік электр машинасы

**Үлгісі:** PKM 1002

Бұл кепілдік бұйымды сатып алу фактісін растайтын күннен бастап 12 ай бойына әрекетте болады және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» РФ заңнамасына сәйкес бұйымға кепілдік қызмет көрсетуді білдіреді.

1. Өндірушінің кепілдік міндеттемесі «POLARIS» сауда таңбасымен шығарылатын және уәкілетті сатушылардан сатып алған барлық үлгілерге, кепілдік қызмет көрсетілетін елдердің барлығында жарамды (сатып алған жеріне қарамастан) таралады.
2. Бұйым пайдалану бойынша нұсқаулыққа сәйкес, қауіпсіздік бойынша ережелер мен талаптарды қатаң сақтай отырып, пайдаланылуы тиіс.
3. Бұл кепілдік тауарды тұтынушыға бергеннен кейін, келесі жайттердің нәтижесінде пайда болған кемшіліктерге таралмайды, егер де:
  - a. Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер етулер, бөгде заттардың, сұйықтықтың, өнімдердің және құрт-құмырсқа немесе шыбын-шіркей секілді жәндіктердің бұйымның ішіне түсіп кетуі және олардың өмірлік белсенділігінің өнімдері бұйымның ішінде болса, яғни микроорганизмдердің, жәндіктердің тіршілік әрекеті салдарынан нәтижесінде туындаған ақау үшін таралмайды;
  - b. Бұйымды тікелей мақсаты бойынша емес пайдаланғанда, оны дұрыс пайдаланбағанда, сондай-ақ, бұйымды осы Пайдалану жөніндегі нұсқаулықта берілген техника қауіпсіздігі ережелері мен талаптарын бұза отырып, орнатқанда және пайдаланғанда;
  - c. Бұйымды қолдануға арналмаған мақсаттарда пайдаланған жағдайда;
  - d. Құрылғыны қалыпты пайдалану салдарынан пайда болған сыртқы өзгерістер байқалса, сондай-ақ, құрылғының функционалдық қасиетіне әсер тигізбейтін, қалыпты түрде тозған жағдайда: құралдың ішкі және сыртқы қабатының механикалық бүлінуі (металдың ішіне майысу, сызаттың түсуі, сыртқы түс түрінің өзгеруі не тіпті жоғалуы немесе қажалып бүлінуі), металл түсінің қалыпты өзгеруі, сондай-ақ, құрылғының метал бетінде құбылмалы немесе қара дақтардың пайда болуы, сонымен қатар, құрылғының жабыны бүлінген жерлеінде тоттанудың салдарынан металдың

- бұзылуы, яғни металдың бетінде тотқа қарсы жабыны жоқ және жабыны бар жерлерінде коррозияның орын алуы салдарынан зақымдалған болса;
- e. Жарамдылық мерзімі шектеулі әрлеу бөлшектері және шам, батареялар, қоқыс жинауға арналған сыйымдылықтар, белдіктер, қылшақтар, қондырмалар, қорғаныс экрандары тозған жағдайда, сондай-ақ басқа да бұйымдарды, олардың пайдалану мерзімі шектеулі болған жағдайда;
  - f. Авторизацияланған (уәкілетті) сервистік қызмет көрсету орталықтар болып табылмайтын\*, тұлғалар немесе фирмалар өндірген бұйымдардың жөндеуін жүргізген жағдайда;
  - g. Тасымалдау кезінде бұйымға қандай да зақым келтірілген болса, оны дұрыс емес пайдалану салдарынан туындаған ақау үшін, сондай-ақ бұйымның құрылымында қарастырылмаған модификациялау (яғни құрылымының түрін өзгерту, түрлендіру) әрекетіне байланысты, немесе өздігінен жөндеу жұмысын жүргізудің нәтижесінде туындаған ақау үшін таралмайды.
4. Өндіруші келесі жағдайларда кепілді міндеттемелерді көтермейді, егер де бұйымның бетінде техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасы жоқ болса, немесе оның техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасында берілген техникалық мәліметтері жойылған, жойылып кетірген немесе түзетілген болса өндірушінің осы салдарының нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты емес.
5. Бұл кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттілік үшін пайдаланылатын бұйымдарға ғана жарамды, және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсатта қолданылатын бұйымдарға таралмайды.
- Назар аударыңыз!! Өндіруші тұтынушының (сатып алушының) немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе ұқыпсыз әрекеттерінің және бұйымды орнату/пайдалану шарттары мен ережелерін сақтамау салдарынан адамдарға, үй жануарларға, қоршаған ортаға немесе мүлікке POLARIS бұйымның зақымдалуынан тікелей немесе жанама себеп болатын кез келген ықтимал зиян келтірілгені үшін жауапкершілік көтермейді.

POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапасын тексеру, кепілдік және кепілдіктен кейінгі жөндеу жұмыстарына қатысты барлық мәселелері бойынша Авторизацияланған (уәкілетті) POLARIS сервистік қызмет көрсету орталығына немесе Өзіңіздің жергілікті POLARIS ресми сатушыңызға - Уәкілетті POLARIS дилеріне хабарласыңыз.

POLARIS бұйымдарына кепілдік жөндеу жұмыстарын тек Авторизацияланған (уәкілетті) POLARIS сервистік қызмет көрсету орталықтары жүзеге асырады.

\* Авторизацияланған (уәкілетті) сервистік қызмет көрсету орталықтардың мекен-жайлары Компания сайтында көре аласыз: [www.polar.ru](http://www.polar.ru)

Бұйымға кепілдік жөндеу жұмыстарын жүргізу немесе заңмен қарастырылған басқа да талаптарды орындау кезінде бұйымды сатып алған күнін растау үшін, сатып алу құжаттарыңызды сақтауыңызға өтіне сұраймыз.

Мұндай құжаттар, бұл толтырылған POLARIS кепілдік талоны, кассалық чек немесе Сатушының түбіртегі, бұйымды сатып алу күні мен сатып алған орнын растайтын басқа да құжаттар болып табылуы мүмкін.

Бұйымды сатып алған күнін растайтын құжатты ұсынбаған кезде, кепілдік мерзімі бұйымды өндіріліп шығарылған күннен бастап есептеледі.

Бұйымның өндіріліп шығарылған күні бұйымның техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген, ол бұйымның артқы қабырғасында орналасқан.